

Кемербай Р.

PhD докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан, Астана қ., e-mail: ra2030@mail.ru

ҚАЙҒЫ – ҚАСІРЕТ ЕМЕС, ОЛ ЕҢ АЛДЫМЕН ОЙШЫЛДЫҚ

Ел тағдырын өз тағдырынан биік қойған, ұлтының тұтастығын, болашағының жарқын, жерінің бүтіндігін мұрат еткен тарихи тұлғалар қазақ тарихында көптеп кездеседі. Солардың ішінде жыраулық пәлсапаның негізін салушы Асан қайғының Қазақ пәлсапасындағы алатын орны зор. Асан атаның жыр жолдарынан, сол заманның рухани-мәдени дүниетанымы, тарихы, жағрафиясы туралы мол мәлімет аламыз. Заманның өткір мәселелерін ойталқыға салып, күн тәртібіне қоя білген. Ел баққан хандардың алдында әділдігін айтып билік жасаған. Асан қайғы шығармашылығының ерекшелігі – заман пәлсапасына мән беріп, қазақ елінің болашағына қатты алаңдаған.

Мақала XV ғасырда өзінің терең пәлсапалық көзқарасымен, еркіндікті аңсаған асау жырларымен қазақ халқының дүниетанымына қомақты үлес қосқан Асан қайғы мұрасын зерттеуге арналған. «Жерұйық», заман, қайғы ұғымдарына анықтама беріліп, бүгінгі Қазақ елінің жеткен жетістігімен сабақтастырыла талданады.

Халқымыздың рухани тірегіне, дүниетанымдық тұғырына айналған Асан жырлары мәңгі өшпес рухты және тәуелсіздігімізді баянды етуге, алған бетімізден адаспауға жол ашады.

Түйін сөздер: Асан Қайғы, Қилы заман, Зар заман, Қазақ пәлсапасы, Жерұйық, Қазақ Елі.

Kemerbay R.

PhD doctoral candidate, L.N. Gumilyov Eurasian National University,
Kazakhstan, Nur-Sultan, e-mail: ra2030@mail.ru

Kaygy – is not a tragedy, it is primarily an ability to think

In the Kazakh history there is more than once a situation when eminent personalities put the integrity of the nation, a bright future, the unity of the native land and the fate of the people above their own. A significant place in the development of Kazakh philosophy is Asan-kaygy – the founder of philosophical tales.

The tales of Asana-kaygy contain extensive information about the spiritual worldview, culture, history and geography of that period. His zhyrau are devoted to acute issues of the present, which the author proposes to discuss. Zhyrau, being a source of justice, had power over the khans and their subjects. The views of Asana-kaygy formed the essence of the philosophy of that era, and his work was filled with anxiety for the future of the people.

The article is devoted to the study of the heritage of Asan-kaigy (XV century), based on its own deep philosophical views of zhyrau, as well as on the national worldview, which has tended to freedom of the Kazakh people. The article analyzes such concepts as «Zhergyyk», «Zaman», «Kaygy», and traces their interconnection with the modern achievements of Kazakhstan.

Zhyrlau Asan-Kaygy actually became the basis of the outlook of the Kazakh people, its spiritual core and a certain guideline for gaining independence.

Key words: Asan Kaygy, Kily zamy, Kazakh philosophy, Zheruik, Mangilik El, Kazakh Country.

Кемербай Р.

PhD докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
Казахстан, г. Нур-Султан, e-mail: ra2030@mail.ru

**Қайғы – это не трагедия,
это прежде всего способность мыслить**

В казахской истории не раз встречается ситуация, когда выдающиеся личности ставят целостность нации, светлое будущее, единство родной земли и судьбу народа выше своей. Значительное место в развитии казахской философии занимает Асан-қайғы – основатель философских сказаний. Сказания Асана-қайғы содержат обширные сведения о духовном мировоззрении, культуре, истории и географии того периода. Его жырау посвящены острым вопросам современности, которые автор предлагает обсудить. Жырау, являясь источником справедливости, имел власть над ханами и их подданными. Воззрения Асана-қайғы сформировали сущность философии той эпохи, а его творчество было исполнено чувством тревоги за будущее народа. Статья посвящена исследованию наследия Асан-қайғы (XV век), основанного на собственных глубоких философских взглядах жырау, а также на национальном мировоззрении стермившегося к свободе казахского народа. В статье анализируются такие понятия как «Жерұйық», «заман», «қайғы», прослеживается их взаимосвязь с современными достижениями Казахстана. Жырау Асан-қайғы фактически стали основой мировоззрения казахского народа, его духовным стержнем и неким ориентиром обретения независимости.

Ключевые слова: Асан Кайғы, Заман, Килы заман, Зар заман, казахская философия, Жерұйық, Қазақ Елі.

Кіріспе

Өткенді танып білу, тарихтың терең қатпарларын пайымдау, қазақтың дүниетанымдық ұғымдарына әділ баға беру парасаттылық пен жауапкершілікті талап ететіндігі белгілі. Соның ішінде Қазақ пәлсапасының көтеретін жүгі де ауыр. Тәуелсіздік тек саяси тұрғыдан ғана емес, Қазақ пәлсапасына да еркін ой әкелді. Қазақша ойлай алатын мамандардың тапшылығына карамастан жаңаша ойлайтын ғалымдар шыға бастады. Дегенмен де, Советтік зұлмат заманында Қазақ ойшылдарының дүниетанымына тереңнен бойлауға мүмкіндік бермеді. Сондай тұлғалардың бірі Асан қайғы.

Осы орайда, XV ғасырдағы ұлы даланың еркін ойшылына айналған Асан қайғының пәлсапалық дүниетанымын зерттеу және зерделеу Қазақ пәлсапасының алдында тұрған міндет. Асанның әкесі Сәбит сал-сері, саятшы, ойшыл, халықтың сүйікті тұлғасына айналған. Үйсін тайпасының атақты Майқы бидің алтыншы ұрпағы. Тектінің сынығы. Шешесі Салиха өте ақылды болған. Асанның әйелі Күлжазира, баласының аты – Абат. Сәбит көбінесе оңтүстік жақты мекен еткен. Саятшылықты жақсы көріп, ұлы далада еркін де ұзақ өмір сүрген. Аң-құстың тілін біліп, әулиелік деңгейге көтерілген. Дархан даланың қыр-сырын біліп, ел тұтқасын ұстаған сұлтандармен бірге жүрген.

Асан қайғының қай жерде туып, қай жерде дүниесі салғандығы жөнінде бірнеше мәліметтер

бар. Асан Ата қазіргі Өзбекстан жерінде Жиделі Байсында дүниесі салса (Нысаналин, 2014:10), енді біреулер Асан қайғы Сарыарқада дүниесі салып, оған Ұлытаудың топырағы бұйырған десе, Шоқан Уәлиханов өз зерттеуінде Асан Ата өмірінің соңғы жылдарын Жетісуда өткізіп, Ыстықкөлдің жағасында дүниесі салған (Қазақ халқының тарихи тұлғалары, 2011:138) деген тұжырым жасайды.

Профессор, әдебиеттанушы Х. Сүйіншәлиев: «Қазіргі Ақтөбе облысының жерінде «Асан Ата» есімінде ескі бейіт бар. Оны халық Асан қайғының моласы деп қатты құрметтейді. Бірақ ол мола анық осы Асан қайғынікі ме, әлде басқа біреудікі ме – мұның өзі әлі анықталмаған мәселе» (Сүйіншәлиев, 2006: 249), – деп түйіндейді.

Ә. Әбілқайырқызы «Дала данышпаны» деген мақаласында: «Асан қайғының нақ жерленген жері белгісіз. Екі дерек бар: біріншісі бойынша Жезқазған облысының (қазіргі Қарағанды облысы) Ұлытау ауданында, ал екіншісі Қызылорда облысының Шиелі ауданындағы Шиелі ауылынан 16 шақырым жерде жерленген екен. Асан қайғыға арнап жасалған ескерткіш Асан Ата кесенесі «Жеті әулие» қорымында орналасқан» (Әбілқайырқызы, 2012:8).

Бұл пікірге академик Д. Кішібеков қосылады: «Асан қайғы кесенесі Шиелі жерінде деген пікірге қайта оралсақ, өзім сол жердің тумасы болғандықтан ба, әйтеуір оған әбден қосыламын... Айтарым, Асан қайғы Шиеліге келді ме? Әрине,

қазақ халқына Жерұйық іздеген әулие мұнда келмеуі мүмкін емес. Өйткені Шиелі тұрмысқа қолайлы жерлерге жатады. Қазақта жабайы шиешыққан жерді әулие жер дейді. Шиелі – жабайы шиешыққан өте көп шыққан өңір. Шиелі атауы да сол жағдайдан туындаған. Шиелінің жері өте бай болған» (Кішібеков, 2007:5).

Белгілі ақын, этнограф, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әнес Сарай: «Асан қайғының туған, өлген жылдары туралы нақты дерек жоқ. Тек жүзге жетекабыл ұзақ жасағаны күмәнсіз. Тарихи оқиғалар аясында топшылағанда, яки Жәнібек хан 1470-1474 жж. Еділ-Жайыққа ауғанда, оған кеңесші болуы, ұлы Абаттың Ноғайлыдағы тарихи уақиғаларға араласуы туралы басы ашық деректер негізінде Асан қайғы XV ғасырды (1400-1500) бастан-аяқ жасаған сөз зергері екені анық аңдалады» (Сарай, 2010:5), – деп жазады.

Көрнекті ғалым, академик Сейіт Қасқабасов: «Жыраулар өз шығармаларында идеалды әміршінің бейнесін жасады, сонымен қатар, өздерінің монолог түріндегі айтылатын толғауларында жыраулар маңызды мемлекеттік мәселелермен қатар заман мен қоғам, адам мен заман, тұлға мен тобыр, сондай-ақ, имандылық пен қайырымдылық, өмірдің өткіншілігі мен адамның опасыздығы, өлім мен өмірдің қайшылығы сияқты моральдық, этикалық, фәлсапалық проблемаларды көтеріп, қоғаммен байланыстыра жырлап отырды» (Қасқабасов, 2005:8).

«XV ғасырда өмір кешкен қазақ жырауы Асанқайғы көңіл түкпіріндегі тұнып жатқан сырлар заманның аумалы-төкпелі кезеңдерінде маржандай толқып шығатындығына» тоқталған (Бердібай, 2002:334).

Біздің ойымызша Асан қайғының қайда туып, қай жерде дүниеден өтуі емес, ең маңыздысы сын сағатта өзінің парасаттылығы, сәуегейлігі, саяси қайраткерлігімен Жәнібек пен Керей сұлтандардың жанынан табылып, Қазақ хандығының іргетасын қалауында деп түсінеміз. Бұған қосарымыз, Асан қайғы жыр жолдарындағы оқиғалар, жер, су, тау, көл атаулары қазіргі Қазақ Елінің территориясындағы атаулармен сәйкес келуі. Шығармаларындағы түсініктер қазақ халқының дүниетанымындағы ұғымдар екендігін аңғарамыз.

Зерттеу жұмысының әдістері

Мақалада ойшыл, саяси қайраткер Асан қайғының дүниетанымындағы заман, «Жерұйық» туралы идеялары зерделенеді. Зерттеу ба-

рысында Асан қайғының қай жылдары өмір сүргендігіне тарихи талдау жасалады. Қайғы ұғымына анықтама беріліп, мәнін ашуға талпыныс жасалады. Заман ұғымына пәлсапалық тұрғыдан анықтама беріліп, сөздіктерге жүгінеді.

Әдістемелік негізі ретінде Асан Қайғының жыр, толғауларындағы ойларына сипаттама жасалады. Тақырыпты зерттеу барысында Асан Қайғының жыр жолдарындағы терең ойларға қазіргі күн тұрғысынан қаралады. Жерұйық идеясы қазіргі Қазақ елі деген болжам айтылады. Зерттеу мақалада «қайғы», «заман» ұғымдарына пәлсапалық абстракциялау әдісі қолданылады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі

Ғасырлар тоғысында өмір сүріп жатқан қазақ халқы тарихи сәттерді басынан өткізуде. Қаншама алмағайып замандардың соққысынан аман-есен келеміз. Ұрпақтан ұрпаққа мирас болып жеткен Асан қайғының жырлары халық арасында кең тарады. Ұмтылмады. XV ғасырда өмір сүрген көрнекті ойшыл, жыршы, дипломат, жиһанкез Асан қайғы бидің өмірі мен қызметін зерттеу кеш те болса енді ғана ашық тақырыпқа айналды. Асан қайғының есімі көптеген түркі халықтарының аңыздары мен ертегілерінде кездесетіндігін атап өткен жөн. Барған жерінде танымал, абыройлы болған Асан қайғы елінің, жерінің болашағына көп ойланып, толғанған. Қайғы атанған. Заманының заңғар тұлғасы Асан қайғының ойлары қазіргі күнде де өзектілігін жоймағандығын көруге болады.

Негізгі бөлім

Асан қайғының өмір сүрген дәуірі Қазақ хандығы құрылған заманмен тұспа тұс келуі үлкен олжа дер едім. Себебі жасы ұлғайған, абыз, ойшылдық деңгейге жеткен сәтте Асан қайғы Алтын Орданың ыдырауын көрген, саяси тәжірибесі мол тұлғаға айналған. Білген, түйгені көп Асан қайғының абыройы асқақтап тұрған. Бұның барлығы Жәнібек пен Керей сұлтандарға ауадай қажет еді. Себебі сан алуан рулық, кішігірім хандық тайпалардың басын біріктіріп, үлкен хандықтың астына кіру үшін ұлы далада абыройы бар, сөзі жүретін абыз ақсақал қажеттігі туындайды. Сол сәтте Асан қайғы саяси аренаға шығады. Алайда, жағдай өте ауыр, аласапыран заман. Соған қарамастан Асан қайғы хандықтың атын «Қазақ» деп атағандығы жаңашыл идеяға айналды. Барлық көшбасшылар иланып, осы идея төңірегіне

топтасып, нағыз сақтың ұрпағы ретінде «Қазақ хандығының» іргетасын қалады.

Мақаланың мақсаты Асан қайғының жыр жолдарындағы ұғымдарға талдау жасау, Қазақ хандығына енген жұртқа ұсынған «Жерұйық» идеясының өзектілігін күн тәртібіне қою. Заман ұғымына пәлсапалық рең берумен қатар Хакім Абай айтқандай «Өркімді заман сүйреме, Заманды қай жан билемек? Заманға жаман күйлемек, Заманы оны илемек» деген ой төңірегінде ой қозғау.

Әдебиеттану ғылымында заман ұғымына қатысты көптеген түсініктер, анықтамалар жеткілікті. Солардың негізгілеріне тоқталайын.

Заман – зат. 1. Дәуір, кезең. 2. Мерзім, уақыт, кез. 3. Өмір сүрген уақыт. 4. Халық, жұрт, ел деген мағынада. 5. Тар. Белгілі бір уақыттан басталатын күнтізбелік жылдар есебінің жүйесі, жылдар есептемесі, эра. Араб елдеріндегі жыл есебінің жүйесі хиджра заманы деп аталады, оның дәуірі б.з. 622 жылының 16 шілдесі, жұма, сол күні Мұхаммед Меккеден Мәдинаға келген. Ертедегі халықтар әртүрлі замандарды қолданып келген. Мұндай замандардың белгілерінің саны 200-ден астам (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011:65-66).

«Заман – деген бір күнде орнап, сол күні-ақ бар мазмұнын айқындап беретін, базар емес, ұлы да ұзақ сұрыпталатын кезең. Оның ділін-дінінен бастап философиялық мазмұнын бір күнде ұғыну қиын» (Ғабит Мүсрепов, 1993:442).

Қазақ әдебиетінің және философиялық терминдердің түсіндірме сөздігінде берілген анықтамаларды зерделей отырып, мынадай қорытынды жасауға болады. Заман ұғымы мағынасы кең, жан-жақты қарастырылатын дүние. Философиялық қырынан әлі де толық мәні ашылып, зерттеле қоймаған категория.

Осы уақытқа дейін әдеби тұрғыдан ғана қарастырылып, талданып келген «заман» ұғымын қазақ пәлсапасының дүниетанымдық категориясы деп қабылдаған жөн.

Заманның өзі тудырған пәлсапалық терең мұңды ойларын, заманның қоғамдық-көркем бейнесі ретінде қабылдау маңызды. Заманның айнасы іспеттес. Турашылдық, қоғамды қалай көрсе, сол күйінде жырға қосып айту, сол заманның өзгешелігі еді. Алдап кету, өтірік мақтау айту, оларға тән дүние емес. Ханның алдында бұғып, сыртқа шығып жамандау олар үшін жат. Асан Қайғының шыншыл, турашылдығымен ханның да, халықтың алдында да абыройлы болғанын байқауға болады. Ойшыл, философ ретінде дүниетаным негіздері заманның бағыт-

бағдарымен ұштасып, қабаттасып жатты. Тек ойға салынып қалған жоқ, қайраткерлік көрсетіп, азаттық үшін күресті, жанын берді. Болашақтан үміт үзбеді.

«Заман» ұғымы сан қырлы, жан-жақты ұғым. Тек әдеби тұрғыдан емес, тарихи, саяси, әлеуметтік, мәдени және философиялық жағынан қарастыруға болатын әмбебап категория. Заман ұғымын саяси тұрғыдан қарайтын болсақ, заманның құндылықтарына, сол кезде өмір сүрген ойшыл, қайраткерлердің шығармаларына қарап, биліктің кейпін, басқарушы хан, көшбасшылардың саяси жүйесін аңғаруға болады. Сол арқылы заманның заңдылықтарын, ой даму бағытын білеміз. Биліктің басқару жүйесі мен заң шығарушы органдардың құрылымын, тетіктерінен хабар алуға болады.

Хакім Абай 37 қара сөзінде: «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандасының бәрі виноват» – деп тұжырым жасайды. Шын мәнісінде, әр заманның өзіндік ұстанымдары, қалыптасқан құндылықтары болады. Сол құндылықтар, жүйеге қатысты адамның таным-түсінігі, сана-сезімі өзгеріске ұшырайды. Айталық, 70 жыл бойы коммунистік идеология мен тоталитарлық жүйе көп дүниеге ықпалын жасады. Айтылған сөздің барлығы осы бағытта болғанын тарихтан көрдік. Алайда, егемендік өз дегенін істеп, ашық демократиялық қоғам мен нарықтық экономика жүйесіне қарай адамдардың ойлау жүйесі өзгеріске ұшырауда. Демек, заманның адамға ықпалы, әсері ұшан теңіз.

«Заман – белгілі бір дәреже-деңгейдегі адамдардың өмір сүру әдіс-тәсілдерінен түзілетін әлеуметтік уақыт пен әлеуметтік кеңестік жиынтығы мен оның тұтастығы. Заман – әрі субъективті, әрі объективті орта. Алайда, ол ең алдымен субъективті сипатта қалыптасқан құбылыс. Олай болса, заман ең алдымен, индивидтердің субъективті өзгерулерінен құрылатын, содан соң барып субъекттен бөлініп, объективтендірілген орта. Осы тұрғыдан алғанда басым жағдайда, заман «екінші табиғат» болмысына ие болады» (Ғарифолла Есім, 1997).

Заман ең алдымен қоршаған орта. Субъективті сипаты болғанымен, объективті көрініс алып, қоғамның барлық қырларына енеді. Заманның тағы бір сипаты оның өзгермелілігі. Өзгерген заманның өзіндік құндылықтары мен талаптары да өзгеше.

Әр адам сол заманның өнімі. Заманның адамға, адамның заманға тікелей қатысы бар. Заманды қалыптасыратын, ондағы адамның

жақсы, жаман болуына ортасы жауапты деген тұжырым жасайды. Сондықтанда заманның жаман немесе жақсы болуына үлес қосатын, сондай орта қалыптастыратын өздері екендігіне тоқтам жасайды.

«Халқымызда, «заман» түсінігі оптимистік (жаңа заман, қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман), пессимистік (зар-заман, ақыр заман) және бейтарап (заман өзгерді) жазықтықта түсіндіріледі. «Заман» дегеніміз – тарихи-әлеуметтік шындықтың сол дәуірдегі тұрмыстық-өмір мәнділік жалпы сипатының концептуалдық көрінісін беретін ұлттық пайымдаудағы философиялық ұғым (категория), – деп анықтама беруімізге болады (Берік Аташ, 2013:46).

Заманына қарай, адамы.

Заман ұғымы қазақ халқының дүниетанымында жиі қолданылатын ұғым екендігіне көз жеткіземіз. Содан болар, көне көз қарияларымыз заманынан озып туған бала деп жатады. Кей кездері заманның көшінде қалғыр деп қарғап та алады. Мәселе, заманның ағынынан қалмай, заманның талабымен адами өмір сүру маңызды деп білемін. Заманына қарай пәлсапасы қалыптасатын қоғамда өмір сүргендіктен, алдыңғы қатарлы ғалымдарымыз заманның соққан лүпілін, тынысын тереңнен түсініп, көпшілік халыққа бағыт-бағдар, кеңес, өсиет беріп отырғаны дұрыс.

Асан қайғы сарай ақыны болғанымен шығармашылық тұрғыдан еркін, ешкімнің бет-жүзіне қарамай, шындықты айтып салатын. Айталық «Жәнібекке айтқаны» деп аталатын 33 жолдан тұратын толғауда:

«Ай, хан, мен айтпасам, білмейсің,
Айтқаныма көнбейсің.
Шабылып жатқан халқың бар,
Аймағын көздеп көрмейсің»

деп бастап, соңында

...Ай, Жәнібек, ойласаң,
Қилы, қилы заман болмай ма,
Суда жүрген ақшортан
Қарағай басын шалмай ма,
Мұны неге білмейсің!?
Хош аман бол, Жәнібек,
Енді мені көрмейсің! –

деп заманның өзекті мәселелерін бетіне басқан (Он ғасыр қырлайды, 2006:121).

Судағы шортан қарағай басын шалмайтындығы белгілі, алайда кейбір жағдайда адамдар-

дың төменнен, бірден жоғары көтеріліп, құздан құлағандай болып жатқанын айтқан шығар. Оны да көріп, естіп жүрміз. Биліктегі оқиғалар жетерлік.

«Біздің соңғы екі ғасырдан астам уақыттағы тарихымыз Асан Қайғының сөзімен айтқанда, «Қарағай басын шортан шалған» кезең болды. Егемендік алғанымызбен, біз сол кезеңнің суық зардабынан түгел құтыла алмай келеміз. Тарихымызда мемлекет қайраткерлері, философ, би, ақын болып енген Асан Қайғы Сәбитұлы қазақтың басына осындай заман үйіретінін XIV-XV ғасырда болжап кеткен екен» (Әкім, 2006:116).

Асан қайғының Жәнібектің хан екендігіне қарамай, оның кемшілігін тура айтып тұрғандығына қарағанда әділ, елдің, жердің қамын жеген ойшылдығы бірінші орынға шығып тұр. Қайғылық Асан үшін жеке басының қамы емес, одан да жоғары ойшылдық, елдік деңгейге көтерілгендігін көреміз. «Қайғы» философиялық-діни түсінік. Қайғы жеке адамның уайымынан, тағдырдың қиыншылығынан жоғары тұрғаны анық. Асан бабамыздың түсінігінде «Қайғы» ойшылдықпен пара бар ұғым. Академик Ғарифолла Есім «Қайғы» – деген кемеліне келген сананың аты (Есім Ғарифолла, 1999:9).

Алаштанушы, энциклопедист ғалым Тұрсын Шаңбай «Ұғым мәдениеті» еңбегінде «Қайғы – адамдық қасиеттің терең бір сипаты, қазақ танымындағы этикалық-философиялық ұғым. Қайғы – ойшыл адамға тән қасиет, ал қайғыру азалы көңіл-күйінің белгісі» деген тұжырым жасайды (Шаңбай, 2009:145).

Асан неге «Қайғы» атанды? Қайғы – қасірет емес, ол ең алдымен ойшылдық. Асанның қайғысы ел қамы. Қазақ халқын ел қылу. Ел болу үшін – жер керек. Желмаясына мініп – халқына жер іздеді. Қилы заманнан амал іздеу. Соның нәтижесінде бір шешімге келу. Халықтың болашақтан үміт отын сөндірмеу. Қайғы – армандау. Елді – ерлікке шақыру. Елдік сана қалыптастыру. Тағдырды талқылау. Қайғы парасаттылыққа жол бастайды. Жомарттыққа жақындап, бірлікке шақырады.

Асан қайғының Жәнібек ханға басып айтқан сөздері өте ауыр. Жетеріне жеткізіп айтқан. Халқының шабылып, қайғылыққа салынып жатқанында қымыз ішіп сайран салып жүргенін жақтыртпаған. Одан да еліңнің, жеріңнің болашағын ойла, алдыңда қилы-қилы заман тұрғанын ескертіп сәуегейлік жасайды. Тектілігінді сақтамай, қарадан қатын алғанын құп көрмейді. Бұл дәстүр қазіргі күнде де өзекті,

себебі тектіліктің жібі кесіліп, ұсақталып бара жатқандығымыз мүмкін осыдан шығар. Тектілік те ата-бабадан келе жатқан дәстүр. Оны бұзуға болмайды. «Текіден текті туады, тектілік тұқым қуады» деген заңдылықты есте сақтаған жөн.

Жыр жолдарынан Асан қайғының үнемі әділдік жағында екендігін, елдің болашағы үшін қайғыға, яғни ойшылдыққа салынғандығын көреміз.

Болашақты болжап сәуегейлік айту ата-бабамыздың қанында бар қасиет. Еуропада бұны – футурология деп айтады. Дегенменде Қазақ дүниетанымында қоғам, дәуір деген ұғымдарға қарағанда «заман» ұғымы кеңінен қолданылады. Қарап отырсақ әдебиеттану ғылымында заманның түрлері өте көп кездеседі. Айталық, Зар заман, Тар заман, Нар заман, Кең заман, Тоқырау заман, Ақыр заман, Амал заман деп кете береді. Заман-ай атты әйгілі өлең де бар. Осылардың ішінде Асан қайғы айтып отырған «қилы заман» ол қандай заман дегенге келсек. Қазақ хандығының болашағын ойлап, геосаясаттағы тұрақсыздық, көрші алпауыт мемлекеттердің ортасында жойылып кетпедің амалынан туындаған ұғым деп түсінеміз. Себебі көршілес елдердің мүмкіндігін, жойқындығын алдын ала аңғарып ескерту жасайды. Етек, жеңінді жинап, ел, жер, халқың үшін сын сағатта сынып қалмауын ойлаған.

«Қилы заман» – концепциясы әншейін айтылған метафора емес. Бұл ескерту адам-затты қауіптен сақтандыру. Болашаққа бекем болу. Ертең бүгінгідей бола бермейді. Ертеңгі күн өз санасымен келеді. Ертеңгі күннің кейіпкері де бөтен, бөгде демек ертеңгінің түсінігі де, өзгеше болмақ. ...

Ал, «Қарағай басын судағы шортан шалды» деген метафора қазақ халқының дүниетанымындағы жетекші идея болған. Болашақты болжау қиын іс. Болашақ деген тек белгілі іс болса, ол болашақ емес – деген тұжырым жасайды (Есім, 2008:260).

«Сақтансаң – сақтаймын» деген аталы сөзге тоқтаған халық, әрқашан сақтық шараларын жасап отыруды әдетке айналдырған. Тәуелсіз ел болған заманда халқымызды ішкі-сыртқы қауіп-қатерден сақтасын деп тілейік. Себебі сақтану – қазақты сақтау.

Таза мінсіз асыл тас,
Су түбінде жатады.
Таза мінсіз асыл сөз,
Ой түбінде жатады.
Су түбінде жатқан тас –

Жел толқытса шығады.

Ой түбінде жатқан сөз,

Шер толқытса шығады, –

дегендей біздің мақсатымыз Асан қайғының жыр-толғауларындағы мінсіз сөздерді толқытып, қоғамға ой салу. Заманның өзекті мәселелерін ойталқысына салу маңызды.

Асан қайғының жыр жолдарынан Қазақ хандығының іргетасы мықты, елінің бай қуатты, жерінің шұрайлы болуын мақсат тұтқан. Осы жолда қасық қаны қалғанша еңбек еткен, жалтақтап ханның алдында кішіреймеген. Нағыз далалық демократияның озық үлгісін көрсетіп, қазақ халқының «қой үстінде бозторғай жұмыртқалайтын» заманда өмір сүруін қалаған. Бүкіл қазақ хандығы орныққан жерлердің сипаттамасын жасап, әрқайсысы «Жерұйыққа» лайық құтты мекендігін баса айтқан. Қарап отырсақ, қазақтың дархан даласындағы кез келген жер көз тұнарлық табиғатымен мақтанады. Әр жердің өз ерекшелігімен қатар, пайдалы қазба-байлығы да жетіп артылады.

«Адам адам болғалы – әуелі тайпа, ұлыс, кейін келе ұйысқан қоғам елге айналғалы жер үстіндегі өзінің жұмағын іздеп келеді. Елдің оңаша ойға көмген хәкімдері, ақылман-ойшылдары болсын, артына жұртын ергізген көшбасшылары болсын – бәрі-бәрі «қой үстінде бозторғай жұмыртқалайтын» Жерұйықты желмаямен іздеген арманшыл Асан-қайғыдай өз еліне малға шүйгін жері бар, жанға жайлы елі бар болашақ тілейтіні мәлім. «Құтты қоныс» іздеу – әлем халықтарының дүниетанымында жақсы өмірді күткен арман-аңсардан туған рухани интенция» (Құлсариева, 2010:116).

Бұл жерде «Жерұйық» идеясы қазақ халқының тарихи архаикалық санасымен астаып жатқандығын атап өткен жөн. Себебі аталған идея сонау түркі заманына барып тіреледі.

«Кез келген этнос үшін тарихи үдерістің даму ағымынан туындайтын заңды дүние болып келеді. Сондықтан белгілі бір әлеуметтік, саяси және мәдени кеңістікте қалыптасқан және өрбіген ұлттық идея кездейсоқ құбылыс емес. Ол рухани ерекше дүние ретінде өзіндік тарихи болмыстың терең қатпарларында шындалып, тарихи үдеріс пен тарихи сана үшін қажетті құбылыс сипатында пайда болады. Сонымен қатар ол бірте-бірте қоғамдық құрылымдардың өзіндік пәрменді дамуына қажетті қозғаушы күшке айналады, сан қырлы саланы қамти түседі. Ал, енді осындай детерминациялық заңдылыққа бағынбаған кездейсоқ сипаттағы әлеуметтік

ұрандар мен жасанды айғайлар саясаттың шылауына айналады және олар нағыз халықтық мағынадағы рухани дүние болып есептелмейді» (Нұрмұратов, 2010:240).

Жоғарыда аты аталған авторлардың тұжырымының астарында шындық бар. Себебі қандайда болсын идея, ұғым сол халықтың ішкі рухани дүниесінен шықпаса, оның өмірі ұзаққа бармайды. Біздің алып отырған тақырыбымыз, зерттеу объектіміздің өзектілігі де осында. Сондықтан болар, Асан Қайғы мен «Жерұйық» ұғымдары егіз. Оларды бір-бірінен ажыратуға болмайды. Керісінше бірін-бірі толықтырып тұратын атаулар. Соның ішінде Асан қайғы төңірегіндегі аңыздар ішіндегі ең таңдаулысы – Асан қайғының Жерұйықты іздеуі.

Асан Қайғының «Жерұйықты» іздеп шығуына Жәнібек пен Керей сұлтандардың тапсырмасы болуы әбден мүмкін, себебі жаңа құрылған Қазақ хандығының орналасуы үшін қоныс керек. Сұлтандардың қоныс, жер аралауға уақыттары жоқ. Асан Қайғының халық арасында абырой, беделі мол, ешкімнің шаруасы жоқ болған. Сол себептен барлық жағдайын жасап, азық-түлік, ат, түйемен қамтамасыз етіп, сапарға аттандырғаны шындыққа сай келеді.

Қазақ елінің елордасы Нұр-Сұлтан қаласы да қазіргі таңда бүкіл қазақтың жерұйығына айналып, ақ армандардың орындалған құтты ата-мекенге айналды. Айталық, Асан қайғы Есіл өзенін көргенде: «Жары мен суы тең, жарлысы мен байы тең болатын жер екен, алты күнде ат семіртіп мінетін жер екен», – деген. Бұдан шығатын қорытынды ойшыл, саяси қайраткер Асан бабамыздың еңбегі орасан зор. Ең басты қазақ халқын құтты қонысқа орналастырып, қазақ хандығын сақтап қалғандығы. Асан қайғының ойлары упоиялық сарында емес, нағыз прагматикалық ізденістен туындаған пәлсапа. Томас Мор, Томазо Кампанелламен салыстыруға келмейді. Өмірлік ұстанымдары, ойлары мүлдем бөлек.

Асан қайғының шығармаларына алғаш болып, пәлсапалық баға берген ғалым «XX ғ. Қазақ рухының философиясы» атты еңбегінде «Асан атаның дүниетанымдық көзқарасы қазақ хандығының өмірге келіп, ол іргелі мемлекетке айнала бастаған кезеңіндегі өмір шындығын терең бейнелейді. Осы бір қиыншылығы мол дәуірде өмір сүрген Асан Қайғы халқының мұң мұқтажын қызғыштай қорғап, оның келешек тағдырына әрі толғана, әрі ойлана көз жүгіртеді. Асан атаның «жер ұйық» мекенін іздеуі оның жай хан сарайы маңындағы ақын, ақылшы,

кеңесші ретінде міндетін ғана атқарып қоймай, халқы үшін, елі үшін жан аямай еңбек еткенін айқын бейнелейді. Бұл жерде Асан қайғы тек ойшыл ғана емес, ол елдің, жердің, табиғаттың өсіп дамуы жағдайын терең білетін ғұлама ғалым ретінде ерекше көзге түседі (Әбжанов, 2003:116).

Ұлы даланың еркін ойшылына айналған Асан қайғы Қазақ пәлсапасының қайнар бұлағында тұрды. Өз заманның сөзін сойлеп, артынан мыңдаған халықты ілестірді. Жаңа идеялар ұсынып, оны жүзеге асыра білгендігімен құнды. Адамшылдық келбетін сақтап, жақсы қазақтың үлгісін көрсете білді. Қаншама ғасыр жабулы тақырып болып келген Асан бабамыздың атын 1980 жылдары ғана ашық айта бастадық. Міне, қолымыз аузымызға енді тигенде Асан бабамыздың және артында қолған мұрасына ден қоя бастадық. Совет заманында тек әдеби тұрғыдағы кейіпкер ретінде қарасақ, енді пәлсапалық аспектіде зерттеу объектісіне ала бастағанымызға аз ғана уақыт болды.

Жыраулық пәлсапаның негізін қалап, елдік мүдде мен жұрттың қамын бірдей қойған. Заманның өткір мәселелерін бүкпей шынайы баяндап, ханның құлағына жеткізген. Әділдіктің туын биік ұстап, халықтың талап-тілегін бәрінен жоғары қоя білген. Билік жасап, қара қылды қак жарған.

Талқылау

Қазақ халқының «Атамекенге» деген сезімі, түсінігі өте жоғары. Атамекен – өзіміздің ту тіккен, ел іргесін көтеріп, шаңырағын бекіткен құтты мекен. Қазақ басқа халықтар сияқты көшіп немесе ауып келмеген. Өзінің байырғы ата-бабасының мұрагері. Жерге, елге ие болып келген қазақ халқы өршіл, арманшыл, рухты, намысты халық. Өз мекенінде орныққан, тәуелсіз елін құрған жер неге әр қазаққа «Жерұйық» болмас? Кіндік қаны тамған жерің, үрім-бұтағың өскен жерің қасиетті, атамекен – жерұйыққа пара-пар.

Сан ғасырды артқа салып, ең далада тіршілік еткен халқымыз, әрине, сол ата-баба салған сара жолмен, дәстүрмен солар қалыптастырған дүниетаным түсініктермен сабақталып жалғасады. Кішкентайынан ел ішінде өскен бала, елдегі әңгіме-аңыз, ертегі тыңдап, ата-бабаның таным-түсінігіне қанығып өседі. Жыр тыңдап, ән айтып, күй шерткен ортада өсіп тәрбиеленеді. Жыраудың бірнеше күн жырлаған жырын тыңдау, ол сол уақыттың талабы, мәні зор тәрбие көзі болған (Әмірқұлова, 2017:12).

«Жырау – ақпа-төкпе, суырыпсалма өлең сөзін қару еткен өнер адамы, халықтың қамын ойлай білетін парасаты мол ел ағасы, қысылғанда жол табар ақылшысы, уақыт, оқиға сарын, замана бағыт-бағдарын ақыл таразысына салып сынай, салмақтай білетін, болжағаны болып, айтқаны келетін, тапқыр да көреген дана абызы, қисық кеткенді қылышпен емес, сөзбен сілейтін, бұйрық берер әміршісі, бетің бар, жүзің бар демей тура айтар өткір де әділ биі, жөні келгенде жыр мен қаруды бірдей жұмсап жауға аттанар жауынгер қолбасы болған. Жырау ел тағдырын шешер ірі оқиғалар, ас мәнді көкейкесті мәселелер тұсында толғанған. Халық өзгелерден гөрі қайғырғанда демеп, қуанғанда қанат бітіріп, ақыл қосатын асыл сөз иесі жырауларды қатты қадірлеген» (Классикалық зертеулер, 2014:182).

Жыраулар – қазақ ауыз әдебиетінің ақылгөй даналары. Заманның зарын, мұңын, қуанышын жырға қосып айтуды дәстүрге айналдырған. Әр жыраудың өзіндік стилі, ырғағы, мотиві өзгеше. Жыраулар – хан сарайларының белді мүшесі, ханның ақпараттық саясатын жасаушылар.

«Жыраулар өмірдің мәнін ерлік, батырлық деп түсінумен шектелмеді, оның басқа да рухани құндылықтармен байланысын көре білді. Елін жаудан қорғаушы батыр да, ел басқарушы хан да қоғамда белгілі бір бедел – құрметке, атақ-дүниеге, биліктің жоғары сатысына қол жеткізері хақ. Бірақ өмірдің мәні онымен шектеле ала ма? Әрине, жоқ. Бір таңқаларлығы, жыраулар поэзиясында осы ойдың дәлелі өте айқын берілген. Адам өзін-өзі тану жолына түспей өзінің ішкі дүниесін толық түсінбей, мәңгілік құндылықтарды танып білмей, өмірде тыныштық таба алмайды. Нағыз өмірге мәңгілік құндылықтарды игеру, эгоистік «Мен»-нен мәңгілік «Мен»-ге көшу арқылы ғана қол жеткізуге болады, ал бұл өзгеріс рухани даму жеке адам өмірінің негізгі мазмұнына айналғанда ғана мүмкін. Бұл қағида ханға да, қараға да ортақ бұлжымас қағида. Мәселе ханның тағында емес, оның ар-ұятында, адамшылығы мен руханилығында» (Нұрышева, 2001).

Мақаланың мақсаты да – ата-бабамыз аңсап, бізге жеткен егемендікті сақтап, елді, жерді көздің қарашығындай қорғау, Қазақ елінің болашағына жауапкершілікпен қарау. Өсіп келе жатқан өскелең ұрпаққа елдік мұратты, халықтың мұң-мұқтажын алдыңғы орынға қоюды санасына сіңдіру. Жойылудың алдында тұрған жыраулық дәстүрді қайтадан жаңғырту. Қолда бар қазынамыз жыршы-термешілерді тауып, жырларын жазып алу. Білім беру мекемелерінде

жыршылық дәстүрді жалғайтын арнайы курстар ашып, қолға алса құба құп болар еді.

Сонымен қатар, еліміздің барлық өңірінде абыз, ойшыл Асан қайғының атына көшелер беру, ескерткіштер орнату, бабамыздың болмысын ашатын көріністер қою.

Қорытынды

Тұңғыш Президент-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталады» деген болатын. Мақаланың мақсаты – алмағайып заманда санамыздың өзгеріп, рухани тұрғыдан жаңғыру қажеттілігін көрсетеді. Әлеуметке ой салады. Ұлтты ұйыстыратын «Туған жер» бағдарламасы аясында киелі жерлердің жол картасын жасауды тапсырды.

XV ғасырда Қазақ хандығының негізін қалауға айрықша үлес қосқан Асан Қайғының тарихта алатын орны ерекше. Ол қазіргі Қазақстан территориясын толық аралап шығып, әрбір елді мекендерге, тау, өзен, көлдерге тоқтап мінездеме берген. Оның мақсаты Жерұйықты табу. Жаңа мемлекеттің негізін қалау. Сол жерге Қазақ хандығының халқын орналастыру. Жаңа тарихи сана қалыптастыру. Асан Қайғы ойшыл, ақын, мемлекет қайраткері ғана емес, өз алдына тамаша географ, жиһангер болғанын ұмытпаған жөн. Сол заманда Қазақстанның дархан даласын қажымай, шаршамай тегіс аралап шығып, артына мол мұра қалдырған. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев рухани жаңғыруды тамырымыздан бастау керек деген ой, түйіні осы Асан Қайғы мұрасына тікелей қатысты деп білеміз.

Дегенмен, Асан қайғының халық арасында кеңінен тараған жыр жолдары, «Жерұйық» идеясы Қазақ хандығы тұсындағы тарих, мәдениет, әдебиет және пәлсапасына ықпал еткен көркемдік-дүниетанымдық тағылымы мол мұра. Қазақ ұлтына ғана емес, барша адамзат өркениеті үшін баға жетпес рухани қазына. Сондықтанда қолда бар, жеткен жетістігімізді бағалап, жіберген кемшіліктерімізді тағы бір ой елегінен өткізіп барымызды бағалау басты міндетіміз.

Көлде жүрген қоңыр қаз
Қыр қадірін не білсін,
Қырда жүрге дуадақ
Су қадірін не білсін!
Ауылдағы жамандар

Ел қадірін не білсін!
Көшіп-қонып көрмеген
Жер қадірін не білсін!
Көшсе, қона білмеген,
Қонса, көше білмеген,
Ақылыңа көнбеген
Жұрт қадірін не білсін!

Барымызды бағалап, қазақтығымызды сақтап, адамша өмір сүру де өнер. Елдің қадірін, жердің киесін сақтай отырып асыл сөзге тоқтап, тереңнен тербеп, болашаққа көз тастауымыз

заңдылық. Қарға тамырлы қазақты біріктіретін «қазақ» болу идеясы екендігін ұмытпаған жөн. Асан қайғыдан басталған жыраулық пәлсапа одан кейінгі Қазтуған, Шалкиіз, Жиёмбет, Марқасқа, Ақтамберді, Доспамбет, Бұхар жырау тарапынан қолдау тауып, бүгінгі күнге жетті.

Түркілер ұғымында «Мәңгілік мақсатты көздемеген іс оңбайды, оны Тәңірі жарыл-қамайды» деген түсінік қалыптасқан. Олай болса мақсатымыз айқын, бағытымыз анық, мұратымыз асқақ, келешегіміз кемел болсын!

Әдебиеттер

- Сүйіншәлиев Х. (2006) Қазақ әдебиетінің тарихы: оқулық. Алматы: Санат. – 928 б.
Нысаналин А. (2014) Асан қайғы: ақиқат пен аңыз //Түркістан. 1 мамыр. 10-б.
Қазақ халқының тарихи тұлғалары: Қысқаша анықтамалық. 1-кіт. Алматы: Өнер. – 304 б.
Әбілқайырқызы Ә. Дала данышпаны //Қазақ. 2012. № 43 (609). 26 қазан. 8-б.
Кішібеков Д. Кесене кімдікі? // Егемен Қазақстан. 2007. 29 тамыз. 5 б.
Сарай Ә. Ноғайлының рухани өмірі // Егемен Қазақстан. 2010 ж. 17 ақп. 5 б.
Есім Ғ. Абай айтқан: «Тәңірі қосқан жар едің сен» //Ақиқат. 1999, № 1, 9 б.
Сейіт Қасқабасов. (2005) XV-XVIII ғасырдағы қазақ әдебиеті. Алматы, Әдебиет және өнер институты, 64 б.
Бердібай Р. (2002) Түбі бір түрікіміз. Астана, Фолиант, 344 б.
Қазақ әдеби тілінің сөздігі (2011). Бес томдық. Жалпы редакциясын басқарған Ахмеді Ысқақов, Нұргелді Уали. Алматы, 7 том. 752 б.
Ғабит Мүсрепов. (1993) Тұтқын қыз. Алматы, Балауса, 512 б.
Ғарифолла Есім (1997). Сана болмысы. Алматы, Ғылым, 232 б.
Әл-Фараби. № 4 (44) 2013 жыл. Берік Аташ. Ғ. Қараш дүниетанымындағы «Заман» туралы толғаныстың ерекшелігі. 46-54 б.
Он ғасыр жырлайды. (2006) / құр. М. Мағауин.
Әкім. Ж. (2006) Қазақ идеясы. Алматы, Өлке, 232 б.
Есім Ғарифолла. (2008) Адам-зат, 382
Шаңбай. (2009) Ұғым мәдениет. Алматы, Раритет, 352 б.
Есім 2008:260.
Қазақ ұлтынан қазақ еліне: мақалалар жинағы. (2010) Алматы, профессор Ақтолқын Құлсариева «Тәуелсіз Қазақстан идеясы – Жерұйық Қазақстан» 350 б.
Нұрмұратов С.Е., Нұрланова Қ.Ш., Әлжан Қ.Ұ., Сатершинов Б.М. (2010) Ұлттық идея және қазақ философиясы. Алматы: КИЦ ИФИП, 240 б.
Әбжанов Т. (2003) Қазақ рухының философиясы. Қарағанды, 240 б.
Әмірқұлова Ж. (2017) Қазақ халық философиясының болмыстық тегі мен танымдық негіздері // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршы. № 4(62)
Классикалық зертеулер. (2014) Қазақтың жыраулық мұрасы. 25 том. Көп томдық. Алматы, Әдебиет Әлемі, 400 б.
Нұрышева Г. (2001) Адам өмірінің философиялық мәні. Алматы, 240 б.

References

- Su'i'ins'a'li'ev H. (2006) Qazaq a'debi'etinin' tari'hy: oqy'lyq. Almaty: Sanat, – 928 b.
Nysanali'n A. (2014) Asan qai'g'y: aqi'qat pen an'yz //Tu'rkistan. 1 мамыр. 10-б.
Qazaq halqynyn' tari'hi' tulg'alary: Qysqas'a anyqtamalyq. 1-kit. Almaty: O'ner, – 304 b.
A'bilqai'yrqyzy A'. Dala danys'pany //Qazaq. 2012. № 43 (609). 26 qazan. 8-б.
Kis'ibekov D. Kesene kimdiki? // Egemen Qazaqstan. 2007. 29 тамыз.5 б.
Sara'i A'. Nog'ai'lynyn' gy'hani' o'miri // Egemen Qazaqstan. 2010 j. 17 aqp. 5 б.
Esim G'. Abai' ai'tqan: «Ta'n'iri qosqan jar edin' sen» //Aqi'qat. 1999, № 1, 9 б.
Sei'it Qasqabasov. (2005) XV-XVIII g'asyrdag'y qazaq a'debi'eti. Almaty, A'debi'et ja'ne o'ner i'nsti'ty'ty, 64 б.
Berdibai' R. (2002) Tu'bi bir tu'rikpiz. Astana, Foli'ant, 344 б.
Qazaq a'debi' tilinin' so'zdigi (2011). Bes tomdyq. Jalpy redakts'i'asyn basqarg'an Ahmedi' Ysqaqov, Nurgeldi Y'ali'. Almaty, 7 том. 752 б.
G'abi't Mu'srepov. (1993) Tutqyn qyz. Almaty, Balay'sa, 512 б.

- G'ari'folla Esim (1997). Sana bolmysy. Almaty, G'ylym, 232 b.
- a'l-Farabi'. № 4 (44) 2013 jyl. Berik Atas'. G'.Qaras' du'ni'etanymyndag'y «Zaman» ty'raly tolq'anystyn' ereks'eligi. 46-54 b.
- On g'asyr jyrlai'dy. (2006) qur.M.Mag'ay'i'n.
- A'kim. J. (2006) Qazaq i'dei'asy. Almaty, O'lke, 232 b.
- Esim G'ari'folla (2008) Adam-zat, 382
- S'an'bai'. (2009) Ug'ym ma'deni'et. Almaty, Rari'tet, 352 b.
- Esim 2008:260.
- Qazaq ultynan qazaq eline: maqalalar ji'nag'y. (2010) Almaty, profesor Aqtolqyn Qulsari'eva «Ta'y'elsiz Qazaqstan i'dei'asy – Jerui'yq Qazaqstan» 350 b.
- Nurmuratov S.E., Nurlanova Q.S', A'ljan Q.U., Saters'i'nov B.M. (2010) Ulttyq i'dei'a ja'ne qazaq fi'losofi'i'asy. Almaty: KI'Ts I'Fi'P, 240 b.
- A'bjanov T. (2003) Qazaq ry'hynyn' fi'losofi'i'asy. Qarag'andy, 240 b.
- A'mirqulova J. (2017) Qazaq halyq fi'losofi'i'asynyn' bolmystyq tegi men tanyndyq negizderi. A'l-Farabi' atyndag'y QUY' habars'y. № 4(62)
- Klassi'kalyq zertey'ler. (2014) Qazaqtyn' jyray'lyq murasy.25 tom. Ko'p tomdyq. Almaty, A'debi'et A'lemi, 400 b.
- Nurys'eva G. (2001) Adam o'mirinin' fi'losofi'i'alyq ma'ni. Almaty, 240 b.